

Тауар биржаларының, биржалық брокерлер мен биржалық дилерлердің қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 қарашадағы N 1942 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 желтоқсандағы № 1653 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 21.12.2012 № 1653 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.12.02 N 1435 (2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Лицензиялау туралы" 2007 жылғы 11 қаңтардағы және "Тауар биржалары туралы" 2009 жылғы 4 мамырдағы заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.12.02 N 1435 (2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2) тауар биржалары, биржалық брокерлер мен биржалық дилерлер қызметіне қойылатын біліктілік талаптары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.12.02 N 1435 (2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Осы қаулы 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
	<i>К. Мәсімов</i>
Қазақстан	Республикасы
Үкіметінің	
2009 жылғы	26 қарашадағы
N 1942	қаулысымен
бекітілген	

Тауар биржалары саласындағы қызметті лицензиялау ережесі

Ескерту. Ереже алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.12.02 N 1435 (2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Тауар биржалары, биржалық брокерлер және биржалық дилерлер қызметіне қойылатын біліктілік талаптары

1. Тауар биржалары қызметіне қойылатын біліктілік талаптары мыналардың:
 - 1) нақты уақыт режиміндегі биржалық сауда-саттықты және электронды биржалық сауда-саттықты өткізуге арналған бағдарламалық қамтамасыз етудің;
 - 2) құпиялылық (жасырын) режимін, сондай-ақ тауар биржасында коммерциялық құпияны құрайтын, оның ішінде электрондық жеткізгіштердегі мәліметтердің сақталуын қамтамасыз ету бойынша қажетті құралдармен жарақталған құрылымдық бөлімшенің;
 - 3) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен биржа саудасының үлгі ережесі негізінде әзірленген биржа саудасы ережесінің;
 - 4) тауар биржасында басшылық қызметпен айналысатын қызметкерлерде: жоғары білімінің; тауар биржалары саласында және/немесе қаржылық ұйымдарында кемінде үш жыл жұмыс өтілінің; тауар биржасында басшылық қызметпен айналыспайтын қызметкерлерде: жоғары немесе орта білімнен кейінгі білімінің;
 - 5) сауданы ұйымдастыру жөніндегі және клиенттермен жұмыс жүргізу жөніндегі құрылымдық бөлімшелердің;
 - 6) клирингтік орталықтың не клирингтік орталық қызметтерін пайдалану туралы шарттың;
 - 7) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2010.09.04 № 894 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен;
 - 8) кемінде үш биржалық брокермен және/немесе биржалық дилермен ынтымақтастық немесе қызметтер көрсету туралы ниет шарттарының;
 - 9) мына: тауар биржасы мүшелерінің бастапқы және жыл сайынғы, биржа мүлкін пайдаланғаны, сондай-ақ биржалық мәмілелерді, заңнамада тыйым салынбаған басқа түсімдерді тіркегені және ресімдегені үшін бекітілген төлемдер мөлшерлерінің болуын көздейді.
- Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.09.04 № 894 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.
2. Биржалық брокерлер (бұдан әрі - брокерлер) және (немесе) биржалық

дилерлер (бұдан әрі - дилерлер) қызметіне қойылатын біліктілік талаптары
мыналардың:

- 1) ұйымның бірінші басшысында:
жоғары білімінің;
ұйым қызметкерлерінде (биржалық саудамен айналысатын):
жоғары немесе орта білімнен кейінгі білімінің;
- 2) брокерлік немесе дилерлік қызметтер көрсету туралы шарттардың
бекітілген нысандарының;
- 3) клиенттерге брокерлік немесе дилерлік қызметтер көрсетудің бекітілген
регламентінің болуын көздейді.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.09.04 № 894 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.